

## ЖЕКЕ СЕЙФТІ (ҰЯШЫҚТЫ) ЖАЛҒА АЛУ ШАРТЫ

- 1.1. Жеке сейфті (ұяшықты) жалға алу Талабы (ары қарай-Талап) Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.
- 1.2. Талап Банк пен Клиент арасындағы, Клиентке жеке сейфті (ұяшықты) қолма-қол ақшаны, зергерлік бұйымдарды және басқа құнды заттар мен құнды қағаздар және құнды құжаттарды (ары қарай-сақтау заты) сақтау үшін уақытша пайдалануға беруге байланысты қатынастарды реттейді.
- 1.3. Жеке сейфті (ұяшықты) жалға алу үшін Клиент Банк белгілеген үлгіде Жеке сейфті (ұяшықты) жалға алуға Өтінішіне қол қояды.
- 1.4. Талап мәтіні бойынша Шартпен белгіленген түсініктер қолданылады.

### 2. ЖАЛПЫ ЕРЖЕЛЕР

- 2.1. Сейф (ұяшық) Банк үй-жайындағы жабдықталған, күзетілетін – Депозитарииде орналасқан.
- 2.2. Сейф (ұяшық), Клиентке жеке сейфті (ұяшықты) жалға алу өтінішінде көрсетілген Банк шотына жалдау ақы төлемін түсірген сәттен бастап пайдалануға беріледі. Клиент жалға алу төлемін енгізбесе, жеке сейф (ұяшық) берілмейді.
- 2.3. Сейфті (ұяшықты) жалдау мерзімі Клиентке жеке сейфті (ұяшықты) жалға алу өтінішінде көрсетілген Банк шотына жалдау ақы төлемін есептеген сәттен бастап белгіленеді.
- 2.4. Сейфті (ұяшықты) жалдау мерзімі Клиенттің тиісті өтінішінің негізінде ұзартылуы мүмкін. Сонымен бірге жаңа мерзімге жалдау ақы төлемі Клиент жалға алуды ұзарту туралы өтініш берген кезде әрекет ететін Банк Тарифтеріне сәйкес жүзеге асырылады және сейфті жалдау уақытының соңғы күнтізбелік күні аяқталғанша енгізуі тиіс. Клиент жалдау ақы төлемін көрсетілген мерзімде төлемеген жағдайда, ол белгіленген Банк Тарифтеріне сәйкес мерзімі өткен әр күн үшін айыппұл түрінде жауапқа тартылады. Айыппұл жалдау ақы сомасына қосымша есептеледі.
- 2.5. Жалдау ақысы Клиенттің қалауы бойынша қолма-қол ақшасыз немесе қолма -қол ақшамен ҚР заңнамаларына сәйкес әрекет ететін тәртіпте енгізіледі.
- 2.6. Жалдау ақысы жеке сейфті (ұяшықты) барлық жалға алу мерзіміне толық енгізіледі. Клиент Сейфті (ұяшықты) мерзімінен бұрын босату және Талаптың әрекетін тоқтату жағдайында, Клиент енгізген жалдау ақысы қайтарылмайды.
- 2.7. Жалдау ақысы төлемінің мерзімі өткен жағдайда Банк Клиентті (сенімді тұлға) берешегін толық өтемейінше Сейфті (ұяшықты) қолдануға рұқсат етпейді.
- 2.8. Клиент үшінші тұлғаға Сейфті (ұяшықты) пайдалану құқығын оған ҚР заңнамаларына сәйкес рәсімделген Сенімхат берумен ұсынуға құқылы.
- 2.9. Клиенттің өтініші бойынша Клиент өкіліне (бір адамнан көп емес) Банктің ішкі құжаттарына сәйкес біржолғы рұқсаттама рәсімдеуге рұқсат етіледі.
- 2.10. Банк Сейфтің (ұяшықтың) сақталуын және бүтіндігін қамтамасыз етеді. Сонымен бірге Банк сақтау затына қол жеткізуге рұқсаты жоқ және оның сақталуы мен бүтіндігіне жауап бермейді.
- 2.11. Сейфте адам ағзасы мен қоршаған ортаға зиянды әсерін тигізетін атыс, газдық және суық қару, жарылғаш зат, наркотикалық, психотроптық, тез жанатын, улы, радиациялық, іріп-шіріген және басқа заттарды сақтауға тыйым салынады.
- 2.12. Сейфті жалға алу мерзімі аяқталысымен Клиент Банкке Сейфтің ақаусыз кілтін өткізеді және сақтау затын алып қояды.
- 2.13. егер Клиент Сейфті жалға алу мерзімі аяқталған күні Сейфті босатпаған жағдайда, бірақ Банкке Сейфті мәжбүрлеп ашу сәтіне дейін келсе, (яғни 6 ай өткенше), Клиент жалға алу мерзімі біткен күннен кейінгі күннен бастап Сейфті босату күнімен қоса, жиналып қалған берешекті төлеуге, содан кейін сақтау затын алып, кілтті Банктің өкілетті тұлғасына өткізуге міндетті.
- 2.14. Банктің бес лауазымды тұлғаларының қатысуымен, мәжбүрлі ашу актісін және сақтау затының тізімін жасаумен, Сейфті мәжбүрлі ашуға келесі жағдайларда Банк құқылы:
  - а) Клиенттің, оның сенімді тұлғасының немесе мұрагерінің жалға алу Шарты аяқталған сәттен бастап 6 ай ішінде келмесе;
  - б) Клиенттің қаза болуы туралы мәліметтің жоқ болуы және Сейфтің ішіндегі заттарды иелену құқығы басқа тұлғаға мұраға өтуі кезінде немесе мұрагерлік туралы куәліктің негізінде, егер Клиент 6 ай өткенше Шартты басқа жаңа мерзімге қайта рәсімдемесе.
- 2.15. Клиент немесе оның мұрагері Банкке келгенге дейін, Шарттар бойынша Клиенттің барлық міндеттерін толық орындағанға дейін, Сейфтің ішіндегісі мөрленеді де Банктің қоймасына сақтауға беріледі. Клиент (немесе оның мұрагері) Банкке Сейфті ашуға байланысты, барлық кезең үшін, жалға алу мерзімі біткен күннен бастап сейфті ашқан күнге дейінгі, сондай-ақ Сейфті ашуды жүзеге асыру жүргізгеннен кейінгі құнды заттарды сақтау кезеңі үшін барлық шығындарды өтеуге міндетті. Сонымен бірге төлем осы кезең уақытында әрекет ететін Тариф бойынша жүзеге асырылады. Сейфтің ішіндегісі Банктің қоймасының Клиентке немесе оның мұрагеріне берілуі,

Клиенттің Банк алдындағы барлық берешектерін толық өтеген соң, Клиенттің немесе оның мұрагерінің өтініші негізінде касса меңгерушісімен және Банктің екінші өкілетті тұлғасының қатысуымен жүзеге асырылады.

Сейфтің ішіндегісін алуда Клиент немесе оның мұрагерлері өтініште қол қояды да, тура солай касса меңгерушісі мен Банктің екінші өкілетті тұлғасы берілген күнін көрсетіп қол қойып бекітеді. Жалға алу Шарты аяталу сәтінен бастап бес ай өткен соң, Банк Клиентке Сейфті ашу күні мен себептері туралы пошта арқылы хабарлама жолдайды. Клиенттің Шартта көрсеткен мекенжайы бойынша жоқ болуы, сондай-ақ оның келмеуі Сейфті ашуды уақытын кейінге қалдыру немесе өзгертуге негіз емес.

2.16. Банк ҚР заңнамаларымен және/немесе Банктің ішкі нормативтік құжаттарымен қарастырылған, өкілетті органдардың/тұлғалардың шешімдері бойынша болған жағдайларда Клиенттің (немесе оның сенімді өкілін) қол жеткізуіне шектеу қоюға құқылы. Сонымен бірге Банк Клиенттің қандай да бір залалы үшін жауапкершілік жүргізбейді.

### **3. ТАРАПТАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ.**

#### **3.1. БАНК МІНДЕТТІ:**

3.1.1. Сейфті (ұяшықты) жалдау ақысын тиісті төлеу шартымен, Клиентке Сейфті (ұяшықты) қолдануға кілт беру және Сейфті (ұяшықты) қолдану құқығына карточка рәсімдеу;

3.1.2. Клиентке Сейфті (ұяшықты) ақаусыз жағдайда тапсыру;

3.1.3. Сейфті (ұяшықты) қолдану құқығы жоқ үшінші тұлғаның тарапынан қандайда бір қол сұғушылық әрекетінен Сейфті (ұяшықты) күзетуге;

3.1.4. Клиентке немесе оның сенімді тұлғасына Депозитарии жұмысының тәртібіне сәйкес Сейфке (ұяшыққа) кедергісіз қол жеткізуін және сақтау затымен құпия жұмыстар жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз ету;

3.1.5. Клиенттің өзі туралы мәліметтерді, жалға алынған Сейфтің (ұяшықтың) нөмірін, сондай-ақ Сейфті жалға алу фактісін, ҚР заңнамаларымен, Талаптармен және Шартпен қарастырылған жағдайлардан басқа, үшінші тұлғаларға жарияламауға;

#### **3.2. Клиент міндетті:**

3.2.1. Банк Тарифтеріне, Жеке сейфті (ұяшықты) жалға алуға Өтінішіне сәйкес, Сейфті (ұяшықты) жалдау ақысын төлеуді қамтамасыз етуіне өтеуін қамтамасыз етуіне;

3.2.2. Депозитарии жұмысшысының қатысуымен Сейф (ұяшық) және оның кілті ақаусыз жағдайда екеніне және арнайы қолдануға болатынына жеке сенімді болу (көз жеткізу). Клиентке көрсетілген мүлікті бергеннен кейін, одан мүліктің ақауына қатысты шағымы қабылданбайды.

3.2.3. Сейф (ұяшық) міндетіне және осы Талаптарға сәйкес қолдануға;

3.2.4. Сейфтің (ұяшықтың) оның кілтінің, құлпының бүлінуіне жол бермеу және Банкке Сейфті (ұяшықтың) кез-келген ақауы туралы хабарлау;

3.2.5. Сейфті (ұяшықты) пайдалану бойынша Банктің талаптары мен ұсыныстарын тиісті түрде орындауға;

3.2.6. Сейфті (ұяшықты) Банк белгілеген уақытта пайдалану;

3.2.7. Банкке осы Талаптарға сәйкес сақтауға тиым салынған заттарды сақтаумен келтірілген залалды өтеуге;

3.2.8. Сейфтің (ұяшықтың) кілтін сақтауға және оны осы Талаптармен қарастырылған жағдайлардан басқа, өзге тұлғаларға бермеуге, жоғалған жағдайда – ол туралы Банкке дереу хабарлауға;

3.2.9. Сейфті (ұяшықты) жалға алу мерзімінің соңғы күнтізбелік күні өткенге дейін сақтау затын алып, Депозитарии жұмысшысына кілтті тапсыруға;

3.2.10. Банкке шығынды/залады өтеу:

- Сейфтің (ұяшықтың) құлпын ауыстыруға, кілтін жоғалған/бүлінген жағдайға байланысты;

- Сейф (ұяшық) пен оның құлпының құрылымындағы техникалық бүлінделулерге байланысты;

- Сейфті ашуға байланысты. Егер жалға алу мерзімі аяқталмаса, Клиенттің жазбаша өтініші бойынша Сейф оның қатысуымен ашылады. Сейфті ашу күні мен уақыты Тараптармен алдын ала келісіледі;

- басқадай жағдайларда Клиенттің өтініші бойынша

#### **4. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУПКЕШІЛІГІ.**

4.1. Тараптардың әр қайсысы өзіне алынған жауапкершілікті бұзған жағдайда Талап пен жеке сейфті жалға алу өтінішіне сәйкес, бір Тарап екіншісінің алдында Талаптарға, Шартқа сәйкес, ал жауапкершілік Шартпен қарастырылмаса – ҚР заңнамаларына сәйкес жауапты.

4.2. Клиент Сейфтің кілтін жоғалтқан жағдайда, Банк Сейфке салынған заттың сақталуына жауап бермейді.

#### **5. БАСҚАДАЙ ТАЛАПТАР.**

5.1. Талаптарға өзгеріс Шартпен белгіленген тәртіпте Банк енгізеді.

5.2. Тараптардың әр қайсысы осы Шартты осы Талаптардың бөлігінде Шарт пен Талапқа сәйкес орындаудан бас тартуға құқылы.

5.3. Банк біржақты тәртіпте осы Талаптардың бөлігінде Шартпен қарастырылған тәртіпте және жағдайларда осы Шартты орындаудан бас тартуға құқылы.